

Қазақстандық қазіргі заман әндерінің II конкурсын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 1 тамыздағы N 254

Қазақстан эстрада әндерінің жанрын дамыту, сондай-ақ шығармашылық қайраткерлерін жаңа қазіргі заман репертуарын жасауға ынталандыру мақсатында:

1. "Азия дауысы" халықаралық конкурсының аясында қазақстандық қазіргі заман әндерінің II конкурсы өткізілсін.
2. Қазақстандық қазіргі заман әндерінің II конкурсына қатысушылар үшін 7 (жеті) мың АҚШ долларына баламды мөлшерде Қазақстан Республикасы Президентінің 1 (бір) арнайы сыйлығы және әрқайсысы 1200 (бір мың екі жүз) АҚШ долларына баламды мөлшерде Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің 6 (алты) сыйлығы белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі көрсетілген сыйлықтарды 1997 жылға арналған республикалық бюджетте 08 "Мәдениет саласында демалыс пен қызметті ұйымдастыру" функционалдық тобы бойынша мәдениетке арналып көзделген қаражаттың есебінен төлесін.
4. Көрсетілген сыйлықтарды алған адамдарға салық салу "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығының 34-бабының 5-тармағының 6-тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.
5. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр